



КЕЛІСІЛДІ

«Ақмола облысы білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша
білім бөлімінің бастығы»

П.Барахоева
2025 жыл

БЕКІТІЛДІ

«Ақмола облысы білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ

Мектеп меңгерушісі Р.Ашербақанова
2025 жыл



**«Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ
1-4 сыныптарының
2025-2026 оқу жылына
арналған оқу жұмыс жоспары**

АӘБ меңгерушісі

К.С.Атишева

Білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету
2025-2026 оқу жылында
Түсінік хат:

I. Кіріспе бөлім

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ демократия мен гуманизм қағидаттары, жалпыға қол жетімділік пен ашықтық, жалпыадамзаттық құндылықтар басымдығы және білім берудің зайырлы сипаты негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырады.

Мектептің міндеттері:

- Білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру және кезең-кезеңмен енгізу үшін жағдай жасау.
- Талаптардың үш тобын - ұйымдастырушылық-басқарушылық, әдістемелік, педагогикалық қамтитын білім беру ұйымының негізгі білім беру бағдарламаларын жаңарту үшін жағдай жасау.
- Жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруде педагогтердің әдістемелік деңгейін жетілдіру.
- Өздігінен білім алу тақырыптары бойынша мұғалімдердің жұмысын жүйелеу, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтердің озық педагогикалық тәжірибесін анықтау және жинақтау, тарату бойынша жұмысты жандандыру.
- Білім берудің табыстылығын, педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен әдістемелік дайындығы деңгейін мониторингілеу және диагностикалау жүйесін жетілдіру.
- Жас және жаңадан қабылданған мамандармен жұмысты әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.
- Оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы және оқу-тәрбие процесінде олардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту үшін жағдай жасау.
- Заманауи педагогикалық технологиялар мен оқытудың белсенді әдістерін қолдану негізінде білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту.

Мектепте 7 оқушы оқиды.

Сыныптар саны: 3.

Сынып жиынтықтарының саны: 2.

Мектепте оқыту тілдері қазақ тілі болып табылады.

Мектепте оқытылатын шет тілі - ағылшын тілі.

Мектеп бес күндік жұмыс аптасында бір ауысыммен айналысады.

Білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету
2025-2026 оқу жылында:

1-4 сыныптардағы білім беру процесі:

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары; (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымша 2012 жылғы № 500)

II. Бастауыш білім

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру болып табылады:

- 1) білімді функционалды және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сыни тұрғыдан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;

- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) қарым-қатынастың түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топта және жеке жұмыс істеу дағдылары.

2025-2026 оқу жылында стандартқа енгізілген өзгерістерге сәйкес:

"Көркем еңбек" пәнін кезең-кезеңмен бөлу шеңберінде 4-ші сыныпта "Еңбек баулуға" және "Бейнелеу өнеріне" енгізіледі.

Сыныптар бойынша Инвариантты оқу апталық жүктемесі:

1 сынып - 18,5 сағат

3 сынып - 25 сағат

4-сынып - 25 сағат

Бастауыш сынып оқушыларына арналған (қазақ тілінде оқытатын) вариативтік бөлімнен дамытушылық сипаттағы сабаққа бөлінді:

1 сынып 1 сағат – «Көркем жазу»

3 сынып 1 сағат – «Мәнерлеп оқу»

4 сынып 1 сағат – «Математикалық сауаттылық»

